

Бекітемін:  
№67 гимназия ШЖК МКК  
директоры м.а.  
Г.Б. Оналбаева



## Педагогикалық кеңес ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Педагогикалық кеңес туралы осы Ереже І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының педагогикалық қызметкерлерінің өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы ретінде педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 Бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» педагогикалық кеңесі қызметінің Үлгілік Қағидаларына сәйкес әзірленді.

### 2. Педагогикалық кеңестің міндеттері

2.1. Педагогикалық кеңестің міндеттері болып табылады:

- І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, педагогикалық құрамның кәсіби құзыреттілік деңгейін, білім алушылардың оқытылуын, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау;
- І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының дамытудың кешенді-мақсатты бағдарламаларын, әрбір оқытушының кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын әзірлеу;
- Білім алушылардың даярлау сапасын тұрақты түрде жетілдіру үшін жағдай жасау жолымен сапалы оқу-тәрбие жұмысы үшін бүкіл ұжымның күш-жігерін біріктіру;
- оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігі мен тиімділігі мониторингінің нысандары мен әдістерін жетілдіру.

### 3. Педагогикалық кеңестің құрамы

3.1. І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының педагогикалық кеңесінің құрамына басшылық құрам, оның ішінде барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары, оқытушылар мен оқу-көмекші персонал кіреді.

3.2. Педагогикалық кеңестің төрағасы І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының директоры болып табылады.

3.3. Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, отырыстарда төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді. Педагогикалық кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

#### **4. Педагогикалық кеңестің құқықтары**

4.1. Педагогикалық кеңес қарайды:

- Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің, педагогикалық кеңестің алдыңғы отырыстары шешімдерінің орындалуын;
- І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының қызметін ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік актілерін;
- І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясындағы оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жағдайын;
- Бөлімшелердің, басқа да оқу-көмекші бөлімшелердің жұмыс жағдайын;
- І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясының, оның ішінде негізгі құрылымдық бөлімшелердің оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысын жоспарлау мәселелерін;
- Оқу-материалдық базаны дамыту, білім алушылардың сапалы білі алуын ұйымдастыру және өткізу, оларды түлек етіп шығару мәселелерін;

#### **5. Педагогикалық кеңес қызметінің тәртібі**

5.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және гимназия директорымен бекітілетін жоспар бойынша жүргізіледі.

5.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары жылына 4 рет, оқу жылының басында, әр тоқсан аяқталғаннан кейін және оқу жылының соңында өткізіледі. Педагогикалық кеңестің отырыстарында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімдері мен орындауға жауапты адамдар көрсетілген шешімдер шығарылады.

5.3. Педагогикалық кеңестің шешімдері қарапайым дауыс беру арқылы қабылданады және оларды гимназия директоры бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.4. Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастырады және тексеру нәтижелерін педагогикалық кеңестің талқылауына қояды.

5.5. Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысып, оның жұмысына белсенді түрде қатысып, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауы тиіс.

5.6. Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысушылардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Сөз сөйлеушілердің қысқаша жазбасы және талқыланатын мәселелер бойынша қабылданған шешім жүргізіледі. Сөз сөйлеу мәтіндері қоса беріледі.

5.7. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары әдістемелік кабинеттің істер номенклатурасында 5 жыл сақталады.